

«Бабье лето» көңілді тапқырлар клубы - КТК өнері бойынша республикаға танымал командалардың бірі.

«Бабье лето» КТК командасы 2011 жылы факультетаралық «Студенттік күз» фестиваліне қатысып, жеке топ ретінде құрылды.

Команданың негізін қалап, басшылық жасаған - Экономикалық факультетінің Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Ә. Ахметов.

2012 жылы қаңтар айында дәстүрге айналған факультетаралық КТК ойындарында «Бабье лето» КТК командасында тек қыздар ойнап, II орынды иеленді.

2014 жылы Павлодар қаласы «Иртыш» аймақаралық Лига ұйымдастырған сайыста 24 команданың ішінде «Бабье лето» КТК командасы қола чемпион атанды.

2014 жылы «Астана» аймақаралық Лига ұйымдастырған сайыста 16 команданың ішінде «Бабье лето» КТК командасы Вице- чемпион атанды.

Қазіргі уақытта команданың жетекшісі – Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы А. Кукеева.



